



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені өзгертуге шешім қабылдады. Бұл – елдегі бағаның өсуін ауыздықтау үшін жасалған қадам. Инфляция ақпан айында 11,7%-ға дейін төмендеген. Бұған несие берудің баяулауы және коммуналдық қызмет бағасына қойылған уақытша тыйым әсер еткен. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов мәлімдеді.

БАҒА ТҰРАҚТАЛА



Ұлттық банктің ақша-несие саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 18% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Баға әлі де өсіп кетуі мүмкін. Себебі халық әлі де баға қымбаттайды деп күтеді, сондай-ақ жанармай мен тарифтердің қымбаттауы жанама әсер етуі мүмкін. Сыртқы әлемдегі соғыстар мен мұнай бағасының құбылуы да жағдайды қиындатып тұр.

Толық тұрақталғанша, Ұлттық банк «қатан» саясатты ұстап тұра береді. Қазіргі кезеңде базалық мөлшерлемені төмендетуге жеткілікті негіз әлі қалыптаспаған.

2-БЕТТЕ

Қазақстанда коммуналдық тарифтер тақырыбы тағы да қоғам назарында. 2025 жылдың қазан айынан бастап енгізілген тариф өсіміне мораторий 2026 жылдың 1 сәуірінде аяқталды. Бұл жағдай халық арасында «баға күрс өседі» деген алаңдаушылық туғызды.

ТАРИФТЕР БЫДІРТПЕЙ ӨСЕДІ



Ұлттық экономика министрлігі сәуір айынан бастап коммуналдық тарифтердің айтарлықтай өспейтінін мәлімдеді. Ведомство өкілі Нұрлан Болатбаевтың айтуынша, сарапшылар ұсынған 15 пайыздық өсімге қарамастан, нақты тарифтер іс жүзінде тұрақты деңгейде сақталады.

2-БЕТТЕ



БІР ҮЙ ӨЗІҢЕ, ЕКІ ҮЙ БАНККЕ

Соңғы жылдары Қазақстанда ипотекалық несие нарығы қарқынды дамып келеді. Халықтың баспанаға деген сұранысы жоғары кезеңде бұл үрдіс табиғи құбылыс саналады. Алайда пайыздық мөлшерлемелердің жоғары болуы азаматтардың қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты мәжіліс кулуарында Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов жана реттеу шараларын әзірлеуге кіріскенін айтты.

Сарапшылардың айтуынша, қазіргі таңда нарықтағы ипотекалық мөлшерлемелердің 20-25 пайыз деңгейінде болуы – басты мәселенің бірі. Мұндай жоғары пайызбен алынған несие ұзақ мерзімде бірнеше есе артық төлем жасауға әкеледі.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің мәлімдеуінше, елде ипотекалық несие беру көлемі азайған жоқ, керісінше өсіп келеді.

– Біз ипотекалық несие беру көрсеткішінің төмендегенін көріп отырған жоқпыз. Керісінше, ипотека өсіп жатыр. Келесі жылдың шілдесіне дейін біз қандай да бір шара қабылдаймыз. Себебі қайталап айтамын, 25% мөлшерлеменен 10 жылға берілетін ипотека өте қауіпті. Бұл төлемнің үш есе көбеюіне әкеледі, сондықтан азаматтарымыздың қарызға бөлшеден батып кетуіне жол бермеу қажет, – деді Ұлттық банк төрағасы.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Асылжан АБДУЛЛАЕВ,
Astana IT University студенті, Cortex AI жүйесінің авторы:

МАҚСАТ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ АДАМ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛУ

Жақында өткен «Digital Qazaqstan 2026» халықаралық форумы еліміздің IT әлемі үшін елеулі жаңалықтармен есте қалды. Соның ішінде ұлттық стартап-батлда топ жарып, 5 миллион теңге грант ұтып алған «Cortex AI» жобасы ерекше назар аударды. Жоба авторы – Astana IT University студенті, қызылордалық Асылжан Абдуллаев. Ол жасап шығарған мультимодальды онкоагент қатерлі ісікті ерте диагностикалауда және бүйрек трансплантациясындағы күрделі мәселелерді анықтауда жаңа шешім. Бірегей жоба жайында жас өнертапқышпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– «Digital Qazaqstan Battle» байқауында жүлдегер атандыңыз. Қайтарымсыз қаржы жобаның дамуына қалай әсер етті?

– «Cortex AI» жобасының мұндай белесті бағындыруы – біздің команда үшін үлкен мотивация және еңбегіміздің нақты бағалануы. Бұл жетістік бізге жобаны әрі қарай дамытуға, клиникалық сынақтарды кеңейтуге және технологияны нақты медицинада қолдануға айтарлықтай жақындатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл біз таңдаған бағыттың өзектілігін және қоғамға қаншалықты қажет екенін тағы бір мәрте дәлелдеп берді.



3-БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

ОМЫРТҚА САУЛЫҒЫ – ӨМІР САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Соңғы жылдары омыртқа дискісінің жарығы, жалпақ тілде «грыжа» қоғамда кең таралған дерттердің біріне айналды. Бұрын тек егде жастағы адамдар арасында кездесетін бұл аурудың бүгінде жасарып бара жатқаны байқалады. Омыртқадан басталған дерт бастан-аяққа дейін әсер етіп, адам денсаулығына қауіпті болып тұр. Емделмеген дерт салдарынан адам жүре алмай қалуы мүмкін. Яғни, бұл дертке немқұрайлы қарауға болмайды. Бүгінде еңбекке қабілетті үш адамның бірінде омыртқа ауруы кездесіп, назар салатын жағдайға жетті. Емхана жағалап жүрген жастардың көбінің айтатыны «грыжа» деген дерттен құтыла алмай жүргені. Омыртқа ауруының жасарып бара жатқанының себебі қандай? Көкейде жүрген сұрақтарға облыстық көпбейінді ауруханасының нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер Алмас Әбдіқалыков жауап берді.



3-БЕТТЕ

ҮМІТ СӘУЛЕСІ: ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІ СЫНАҚТАН ӨТКІЗІЛУДЕ



Қатерлі ісік – бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Дүниежүзі бойынша бұл дерттен көз жұматындар саны азаймай отыр. Жыл сайын әлем бойынша миллионнан астам адамда қатерлі ісік табылады екен. Сондықтан да әлем халқы, медициналық қауымдастықтар қатерлі ісікке қарсы күрес жұмыстарына келгенде үнемі тәжірибе алмасып отырады.

Қатерлі ісік ауруымен ауыратын елдердің рейтингін болжамды түрде халқы ең көп елдер Қытай, АҚШ және Үндістан басқарып тұр. Олардан кейін Жапония мен Ресей тұрақтаған. Рейтингте Қазақстан төменірек, Оман, Әзербайжан, Молдова, Армения, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан орналасқан.

Our World in Data мәліметтеріне сәйкес, онкологиялық аурулардың түрлері бойынша әлемде ең көп өлім-жітім өкпе, трахея және бронх ісігіне байланысты. Бұл ісіктерден болатын өлім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 25,6-ны құрайды. Екінші орында тоқ ішек және тік ішек обыры (13,2), үшінші орында асқазан обыры (12,1).

3-БЕТТЕ

МЕЙІРІМСІЗ БАЛА

немесе ата-ана неге қамқорлыққа зәру?

Майлықожа ақын:
Жыласаң көңілі жүздеген,
Қуансаң тасып үдеген.
Көрігіне көңілі өсіп,
Құдайдан өмір тілеген,
Атаң – қыбыла қамқорың, – десе, ал ана туралы:
«Тоғыз ай он күн көтерген,
Еңбегінде еті өлген.
Бейнет татқан төтеннен,
Зиярат қылып сыйынсаң,
Кем емес анаң, құбыла Меккеңнен», – деп жыр арнаған.
Шығыс поэзиясының аса көрнекті өкілі Әлішер Науаи әкені – күнге, ананы ай, жұлдызға балап, әспеттеді. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде «әлемнің жарығын сыйлаған, даланың бар гүлін жинаған» әйел-ананың орны да ерекше.
Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.

Дауыл тұрса, бұлж етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар...
Неменеге жетістің, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнекі, жағада тұр.
Ақыл айтып жұрмесе қасымызда,
Сонда орнайды жетімдік басымызға.
Жалаңашқа шекпенін шешіп беріп,
Бір күлшесін бөліскен ашымызға, – деп дауылпаз ақын Мұқағали Мақатов қалай тебіреніп, толқып отты олең шумақтарын төгіп-төгіп тастаған десенші. Шынында, өзімізді ертеңгі күні көріліктің ауылына ат шалдырмайтындай кеуде керетіміз бар. «Атаңа не істесең, алдына сол келеді» дейді қазақ.

4-БЕТТЕ

БАҒА ТҰРАҚТАЛА МА?

Ұлттық банк төрағасының түсіндіруінше, қазіргі экономикалық ахуал бірнеше маңызды факторға сүйеніп отыр. Алдағы уақытта көрсеткіш 10%-ға дейін түсуі мүмкін. Ұлттық Банк алдағы уақытта жағдай оңалса, саясатты жұмсартуға, ал тәуекелдер артса, қатаңдықты күшейтуге дайын.

әлемдік инфляциялық қысымның сақталуына әсер ететін фактор болып қала бермек.

– Біздің болжам бойынша, 2026 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 66,3 АҚШ долларын құрайды. Кейін сұраныс пен ұсыныс теңгерімі қалыпқа келген сайын баға біртіндеп барреліне шамамен 60 дол-

сатып алу белсенділігі төмендеп, «бірқалыпты» деңгейге түсті. Яғни, адамдар тек қажеттісін ғана алып, ақшаны үнемдей бастады.

Үкімет пен Ұлттық банктің ортақ жоспары – инфляцияны ауыздықтау. Қазір арнайы кезең-кезеңімен іске асатын жоспар әзірленуде. Негізгі бағыттары, коммуналдық тарифтер мен жанармай бағасының инфляцияға әсерін барынша азайту, бюджет шығындарын бақылауда ұстау және Ұлттық қордан алынатын трансферттерге тәуелділікті азайту, мемлекеттік шығындар мен несиеулеу көлемін реттеу.

Базалық мөлшерлеменің 18% деңгейінде қалуы – баға өсімін тоқтату үшін жасалған амалсыз, бірақ қажетті қадам. Ақпан айында инфляция 11,7%-ға дейін төмендеді. Халық несие алуды азайтып, үнемдеуге көшкен. Бұл – экономиканың «салқындап», бағаның тұрақтала бастағанының алғашқы белгілері.

– Қазіргі кезеңде ақша-несие саясатын жұмсартуға жеткілікті негіз әлі қалыптасқан жоқ. Егер инфляциялық тәуекелдер күшейсе, Ұлттық банк тиісті шаралар қабылдайды. Биыл Үкімет пен Ұлттық банк алдында тұрған басты міндет – инфляцияны бір таңбалы деңгейге қайтару. Осы мақсатқа жету үшін барлық қажетті шаралар қабылданады. Инфляцияны 5% деңгейіне жеткізуге қатысты орта мерзімді мақсат өзгермейді.



– Жалпы инфляцияның төмендеуіне қатаң ақша-несие саясаты, коммуналдық қызметтер мен жанармай бағасына енгізілген мораторий, сондай-ақ өткен жылдың соңынан бері теңге бағамының тұрақтануы әсер етті, – дейді Ұлттық банк төрағасы.

Халық жаңа салық ережелеріне үйреніп, оңды-солды ақша жұмсауды азайтқан. Яғни, тұтынушылық сұраныс «салқындай» бастады, бұл инфляцияны түсіру үшін жақсы белгі.

– Халықты несиеулеу де баяулап келеді, әсіресе, кепісіз тұтынушылық кредиттер сегментінде. Несие беру өсімі 2024 жылғы 22,7%-дан 2025 жылы 6,3%-ға дейін төмендеді, ал биылғы қантарда жылдық мәнде 7,2%-ға қысқарды. Халық қарызға өмір сүруді азайтып, қаржылық тәртіпке көше бастаған сынайы, – деді Тимур Сүлейменов.

Ресейде инфляция 6%-ға дейін жеделдеген. Бұған ол жақтағы ҚҚС салығының көтерілуі себеп болды. Ресей біздің басты сауда серіктесіміз болғандықтан, бұл біздегі бағаға да жаңа әсер етуі мүмкін. Дамыған елдерде инфляция 2-2,4% деңгейіне дейін түссе де, олардың орталық банктері пайыздық мөлшерлемелерін төмендетуге асықпайды. Яғни, әлемде «қымбат ақша» саясаты әлі де жалғасуда.

Сыртқы нарықтағы жағдай әлі де құбылмалы. Таяу Шығыстағы қақтығыстар мұнай бағасының болжамын жоғарылатты. Бұл бюджет түсімдері үшін тиімді болғанымен,


Басы 1-бетте

лар деңгейіне жақындайды, – дейді Ұлттық банк төрағасы.

Теңге бағамының тұрақтылығы мен салық өзгерістерінің бағаға әсері күткеннен төмен болуы себепті Ұлттық

ИНФЛЯЦИЯ БОЛЖАМЫ

ALDA NE KUTIP TU?



банк 2026 жылға арналған инфляция болжамын төмендетті. Биылдың өзінде баға өсімін бір таңбалы деңгейге яғни 10%-дан төмен түсіру міндеті қойылды. Ұлттық банк инфляцияны бір таңбалы санға түсіруді «шынайы мақсат» деп атайды. Бұған жыл басынан бергі халықтың сатып алу белсенділігінің бірқалыпты деңгейге түсуі әсер еткен. Бұған дейін адамдар жаппай зат сатып алып, сұраныс тым жоғары болған еді. Ал сұраныс көп болса, сатушылар бағаны көтере береді. Енді халықтың

Инфляцияның төмен әрі тұрақты болуы – экономиканың тұрақты дамуына, инвестицияның көбеюіне және халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына негіз болады, – Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов.

Алдағы ақша-кредит саясатының бағытына келсек, базалық болжам іске асып, инфляция тұрақты түрде баяуласа, комитет 2026 жылдың екінші жартысында базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігін қарастырады.



БІР ҮЙ ӨЗІҢЕ, ЕКІ ҮЙ БАНККЕ

Ұлттық банк басшысы ерекше атап өткен мәселе – 25 пайыздық мөлшерлеменен берілетін ипотекалардың қауіптілігі. Мысалы, 10 жылға алған несие бойынша жалпы төлем сомасы бастапқы қарыздан шамамен үш есеге дейін артуы мүмкін. Бұл тек жеке қарыз алушы үшін ғана емес, жалпы экономика үшін де тәуекел тудырады. Егер халықтың едәуір бөлігі шамадан тыс қарызға батса, тұтынушылық белсенділік төмендеп, әлеуметтік мәселелердің күшеюі мен қаржы секторындағы тұрақсыздыққа алып келуі ықтимал. Сондықтан реттеуші орган мұндай жағдайдың алдын алу үшін жаңа механизмдерді енгізуді жоспарлап отыр.

Ұлттық банк қазіргі уақытта ипотекалық несиеуді реттеудің жаңа моделін әзірлеуде. Бұл модель бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Біріншіден, ипотеканың тиімді жылдық мөлшерлемесін есептеу тәсілі өзгереді. Жаңа әдіс азаматтарға несенің нақты құнын барынша ашық көрсетуге бағытталған. Яғни, тек номиналды пайыз емес, барлық қосымша төлемдер ескеріледі.

Екіншіден, қарыз алушылардың төлем қабілетін бағалау күшейтілуі мүмкін. Бұл банктердің тәуекелді клиенттерге несие беруді шектеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, жаңа ережелер ипотекалық өнімдердің құрылымын жеңілдетуге бағытталмақ. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, бастапқыда жоспарланған модельден гөрі қазіргі әзірленіп жатқан жүйе анағұрлым икемді әрі түсінікті болады.

Жаңа ереже 2027 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Бұл уақытқа дейін Ұлттық банк жаңа әдісмені толық псықтап, нарыққа енгізуге дайындық жүргізеді. Осы кезеңде банктер де өз өнімдерін қайта қарап, жаңа талаптарға бейімделуі тиіс.

– Біз ипотеканы есептеудің дәлірек механизмін жасап шықтық, қазір сол бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Ол ойлағанымыздан күрделі болып шықты, – деді Тимур Сүлейменов.

Жаңа саясаттың басты мақсаты – ипотеканы толық шектеу емес, оны қауіпсіз әрі тиімді ету. Яғни, азаматтардың шамадан тыс қарызға батпай, өз мүмкіндігіне сай несие алуына жағдай жасау.

Баспана – әрбір азамат үшін негізгі қажеттілік бірі. Сондықтан бұл саладағы кез келген өзгеріс халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Алдағы уақытта бұл реформалардың тиімділігі олардың қаншалықты дұрыс іске асырылатынына және нарық қатысушыларының жаңа талаптарға бейімделуіне байланысты болмақ.

Басы 1-бетте

ТАРИФТЕР БЫДІРТПЕЙ ӨСЕДІ

Бұл ұстанымның бірнеше себебі бар. Біріншіден, коммуналдық инфрақұрылымды қаржыландыру алдын ала жоспарланған. Қажетті қаражат кезең-кезеңімен бөлініп, бірқатар жобалар өткен жылы аяқталған. Екіншіден, қазіргі уақытта тарифтер нақты қаржылық қажеттілік пен орындалған жұмыс көлеміне қарай қайта қаралады. Сондықтан сәуірден бастап бірден қымбаттамайды. Мораторийдің аяқталуы – тарифтердің автоматты түрде өсуі емес, тек коммуналдық қызмет көрсетуші ұйымдарға тарифті көтеру туралы өтінім беруге құқық береді. Яғни, баға өзгеруі үшін бірнеше кезеңнен тұратын рәсімдер жүргізіледі. Алдымен кәсіпорындар Табиғи монополияларды реттеу комитетіне өтінім жолдайды. Одан кейін өтінім 40 күннен 90 күнге дейін қаралады. Тариф өсімі ең алдымен инфрақұрылым тосқан Солтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстан өңірлері, сондай-ақ коммуналдық жүйелерінде мәселе бар Ақмола облысында байқалады.



Коммуналдық тарифтердің өзгеруі әлеуметтік қолдау шараларымен қатар жүреді. Мемлекет табысы төмен және осал топтағы азаматтарға тұрғын үй көмегі арқылы қолдау көрсетеді. Егер коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығын отбасы кірісінің 5-10 пайызына жетсе немесе одан асып кетсе, артық бөлігі бюджет қаражаты есебінен өтеледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұндай көмек 10 мыңнан астам отбасыға берілген. Бұл механизм әсіресе табысы төмен және әлеуметтік осал топтар үшін маңызды.



Коммуналдық саладағы басты проблема – инфрақұрылымның тозуы. Дерек бойынша, бұл көрсеткіш жыл сайын 3-4 пайызға артып келеді. Жағдайды тұрақтандыру үшін ауқымды инвестиция қажет. Ал биыл инфрақұрылымды жаңғырту үшін 1 трлн теңгеден астам қаражат қажет. Қазіргі уақытта елде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында биыл 7,6 мың шақырым инженерлік желіні жөндеу жоспарланған.

Ұлттық банк тарифтердің күрт өсуіне қарсы. Себебі бұл инфляцияға қысым жасап, жалпы экономикалық тұрақтылыққа кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан билік тарифтерді біртіндеп, бақылау арқылы арттыру саясатын ұстанып отыр. Экономист Айбар Олжай тарифтік саясат кезең-кезеңімен және мемлекет тарапынан қатаң бақылаумен жүзеге асырылатынын, ешқандай күрт өсім болмай, барлық өзгерістер халық пен экономика үшін тұрақтылықты сақтау мақсатында мұқият жоспарланатынын айтты.



– Кейбір тарифтер өседі. Бірақ өте жұмсақ өседі. Білінбей кететіндей қылып кесте жасалады. Өсірмеске болмай тұр. Себебі тозығы жеткен коммуналдық инфрақұрылымды жаңалауға инвестиция қажет. Ол бағыдан бері айтылып келе жатқан дүние. Оған қоса, биыл электр энергиясының тарифі өткен жылдың деңгейінде сақталады. Ешкім тарифті мемлекет рұқсатынсыз өз бетіне көтере алмайды. Тарифтердің әрбір өзгерісі қатаң тексерістен өтеді. Мемлекет негізсіз немесе формалды шешімдерге жол бермейді. Қымбаттайтын әр тын талқылау мен сүзгіден және арнайы зерттеуден өтпек, – деді Айбар Олжай.

Басы 1-бетте

Бетті дайындаған Думан КЕЦШЛІК
Суреттер айық дереккөзден алынды

РЕСЕЙ МҰНАЙЫ ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ

БІЗГЕ ПАЙДА БАР МА?

АҚШ Қазақстанға ресейлік мұнайды Қытайға транзиттеуді уақытша жалғастыруға рұқсат берді. Бұл шешім энергетикалық қауіпсіздік пен аймақтық экономикалық тұрақтылық тұрғысынан маңызды қадам ретінде бағаланады.

Ресей мұнайының Қазақстан арқылы транзиті 2027 жылға дейін жалғасады. АҚШ Қазақстанға Ресей мұнайын Қытайға транзитпен тасымалдауға мүмкіндік беретін лицензияны 2027 жылғы 19 наурызға дейін ұзартты, «Bloomberg» мәліметінше, осының нәтижесінде күн сайын шамамен 200 мың баррель мұнай жеткізуге жол ашылады.

Мұндай қадам Парсы шығанағы елдерінен жеткізілімге қатысты шектеулерге, Ормұз бұғазы маңындағы қауіптерге және Таяу Шығыстағы шиеленістің жалғасуына байланысты қабылданып отыр.

Бұл шешім Ресейдің экспорттық ағындарын қолдайды, Қазақстанның транзиттік ролін күшейтеді және балама жеткізу бағыттарына түсетін қысымды азайтады. Сонымен қатар Қазақстан мен Ресей энергетика министрліктері Қазақстан арқылы Қытайға ресейлік мұнай транзитін 10 миллион тоннадан 12,5 миллион тоннаға дейін арттыру мүмкіндігін талқылауда.

Сарапшылардың пікірінше, бұл шешім бірнеше факторға байланысты қабылданған. Біріншіден, Қазақстан – Еуразиядағы маңызды транзиттік хаб. Ел аумағы арқылы өтетін құбырлар тек экономикалық емес, геосаяси маңызға да ие. Екіншіден, әлемдік нарықтағы мұнай бағасының тұрақсыздығы жағдайында жеткізілімдердің

үзілмеуі ірі тұтынушы елдер үшін аса маңызды. Мәселен, Қытай үшін энергия ресурстарының үздіксіз жеткізілуі өндіріс пен экономикалық өсімін негізгі кепіл. Ал Қазақстан үшін бұл транзит – бюджетке түсетін табыс пен инфрақұрылымды тиімді пайдаланудың көзі. Сарапшылар транзиттен түсетін қаржы ел экономикасына қосымша серпін беретінін атап өтеді.

«Bloomberg» агенттігінің дерегіне, мұндай келісімдер алдағы уақытта да жалғасуы мүмкін. Алайда оның ұзақмерзімді болашағы әлемдегі саяси ахуалға тікелей байланысты.

Сонымен қатар бұл шешім санкциялық саясаттың икемділігін де көрсетті. Яғни, геосаяси шиеленістерге қарамастан, халықаралық қауымдастық белгілі бір экономикалық байланыстарды сақтауға мүдделі. Бұл – жаһандық нарықтың толық күйреуіне жол бермеудің бір жолы. Осы арада, Қазақстан транзиттік әлеуеті жоғары екені тағы бір мәрте дәлелденді. Ел тек шикізат өндіруші ғана емес, сонымен қатар халықаралық логистика мен энергетикадағы маңызды буынға айналып отыр. Бұл бағыттағы саясат дұрыс жүргізілсе, Қазақстан аймақтағы жетекші экономикалық орталықтардың біріне айналуы әбден мүмкін.

Айта кетейік, мұнай бағасы Израиль, АҚШ және Иран арасындағы шиеленістің күшеюіне байланысты өсуде. Эталондық Brent маркалы мұнайдың бағасы шамамен 3 пайызға өсіп, бір баррель 115 АҚШ долларын жетті. Жалпы алғанда, наурыз айында мұнай бағасы шамамен 60 пайызға қымбаттап, бұл көрсеткіш 1990 жылғы Парсы шығанағындағы соғыс кезіндегі өсім қарқынынан да жоғары болды.

Ал АҚШ-тың WTI маркалы мұнайы да шамамен 3 пайызға қымбаттап, бір баррель 102 доллар деңгейінде саудаланады.



Қызылорда қаласына қарасты елді мекендер тұрғындарының назарына!

13.04.2026 жылы – Ақсуат, Ақжарма, Талдыарал, Иіркөл елді мекендерінде;
14.04.2026 жылы – Белкөл кенті, Бірқазан елді мекенінде;
15.04.2026 жылы – Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;
16.04.2026 жылы – Қараөзек ауылы, Қараөзек станциясы, Айнакөл, Талсуателді мекендерінің ауысу жүйелерінде жоспарлы көптемі жұмуша және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауысууды пайдалануға болмайтындығын ескертіміз.
Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54.

«Қазушар» РМҚ «Сыр суы» филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

– Омыртқааралық диск грыжасы дегеніміз не?
– Омыртқа аралық диск жарығы дегеніміз – екі омыртқа арасындағы шеміршек тінінен тұратын диск құрылымының жарылып, жұлын каналына қарай шығуы. Бұл сырқат көп жағдайда үлкен кісілерде кездеседі. Өйткені үлкен кісілердің генеративті аурулары жас келген сайын күшейе береді. Сондықтан ауыр салмақ болғанда немесе қандайда бір кері әсерден әлсіреп тұрған шеміршектің тіні жарылуға бейім тұрады. Сонымен қатар ауыр жүктеме болған кезде дисктің жарылуы байқалады. Бұл жұлын нервтерін қысады, соның әсерінен науқаста осындай симптомдық белгілер пайда болады.

– Грыжаны қалай тануға болады? Қандай симптомдар қауіпті? Диагноз қою үшін қандай тексерулер қажет?

– Ең алғашқы белгісі – аяқтағы ауырсыну. Науқас келген кезде аяғым ауырды деп келеді. Аяқ ұю, тартып ауыру, ауырсыну сияқты белгілер байқалады. Сонымен қатар аяқтың сезімталдығы төмендей бастайды. Кейбір адамдар ақсандап, қисайып жүре бастайды. Осындай белгілермен келсе бірінші кезекте диск жарығын күдікке қоямыз да, науқасты МРТ-ге түсіреміз. Содан кейін диагноз қоюға әрекет жасаймыз. Ең бірінші тексеретін әдісі компьютерлік томография түсіреді. 2002 жылға дейін біз компьютерлік томографиямен көретін едік. Ол кездерде МРТ аппараты жоқтың қасы. Бүгінде барлық тексеру әдістері бар. Сондықтан ауру диагнозын тура қоюға мүмкіндік бар. Қазір Қызылорда қаласында 8 МРТ аппараты бар. Шиеді, Қазалы аудандарында да МРТ бар. Яғни, медицина жылдан-жылға дамып, науқастың нақты ауру белгілерін анықтауға мүмкіндік көп.

– Омыртқааралық диск жарығы нақты қай кезде қауіпті деңгейге өтеді?

– Омыртқааралық диск жарығы кезінде ота жасау немесе жасамау оның көлеміне байланысты.

Екіншіден, диск жарығының қай жаққа қарай шығуына байланысты. 1-1,5 см бастан диск жарығы болып, аяқ ұйып қалу белгілері болса оған міндетті түрде ота жасауға тура келеді. Басқа ешқандай ем көмектеспейді. Диск жарығын алмағашша, нерв босамаса науқастың жазылуы екіталай. Қатты ауырсыну және үлкен көлемде грыжа болса дер кезінде ота жасауды қажет етеді. Диск жарығы нервті қысып, науқастың салдануы басталады. Омыртқа – адам денесін тік ұстап тұрған тірегі, ішкі ағзаларды сыртқы әсерлерден қорғап тұрған қалқаны десе де болады. Сондықтан адамның денесі сау болуы үшін омыртқаны үнемі жаттықтыру, остеохондрозды омыртқа жарығына (грыжа диск) дейін асқындырмау қажет.

– Ауру белгісі жас айырмашылығына байланысты бөліне ме?

– Негізгі жастарда айқын түрде өтеді. Жастарда ауру белгісі бірден байқалады. Егледі жастағыларда қан айналым аз болған соң, олар ауруға шыдамды болып келеді. 60-70 жастаң асқандар төзімді болғандықтан, оларда кеш анықталып жатады.

Басы 1-бетте

Асылжан АБДУЛЛАЕВ,

Astana IT University студенті, Cortex AI жүйесінің авторы:

МАҚСАТ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ АДАМ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛУ

– «Cortex AI» жүйесінің мақсаты қандай?

– «Cortex AI» командасының миссиясы – жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, медицина саласын жақсарту және адамдардың өмірін сақтап қалу. Біз заманауи технологияны құрғақ сан емес, адамзатқа нақты пайда әкелетін сенімді құралға айналдыруды мақсат етеміз.

– «Cortex AI» жүйесінің қызметін түсіндірсеніз...

– Cortex AI – бұл трансплантация алдында ағзаның қабылданбау қаупін алдын ала болжайтын жасанды интеллект жүйесі. Қарапайым тілмен айтқанда, біз дәрігерлерге күрделі отаға дейін «осы трансплантация сәтті бола ма, әлде қауіп жоғары ма?» деген өзекті сұраққа нақты жауап беруге көмектесеміз. Трансплантация – өте күрделі процесс. Біздің жүйе ота басталмай тұрып «донор бүйрегі науқасқа сәйкес келе ме?» «болашақта ағзаны қабылдамау қаупі бар ма?» деген сұраққа жауап іздейді. Бұл – медицина мен цифрлық технологияның бірлесіп болжау арқылы қауіпті төмендету.


– Неліктен бүйрек трансплантациясы мен кейінгі асқыну қаупін болжау тақырыбына тоқталдыңыз?

– Бұл идеяға трансплантация саласындағы күрделі мәселе – ағзаны қабылданбау деңгейінің жоғары болуы

Басы 1-бетте

ОМЫРТҚА САУЛЫҒЫ – ӨМІР САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Омыртқа аралық диск жарығы дегеніміз – екі омыртқа арасындағы шеміршек тінінен тұратын диск құрылысының жарылып, жұлын каналына қарай шығуы. Бұл сырқат көп жағдайда үлкен кісілерде кездеседі. Өйткені үлкен кісілердің генеративті аурулары жас келген сайын күшейе береді.



– Қандай жағдайда науқас шұғыл түрде нейрохирурге жіберіледі?

– Нейрохирург – тек ота жасайтын кезде ғана көмектеседі. Оған дейін әр емхананың невропатолог дәрігеріне қаралып, емделеді. Невропатолог дәрігерлер МРТ нәтижелерін көріп, ота қажет болғанда бізге жолдамамен жібереді. Жедел түрде болса, ақысыз ота жасалады.

– Грыжаны толық емдеуге бола ма? Жастар арасында көбеюіне не себеп? Балалардағы омыртқа мәселелері ересектерден қалай ерекшеленеді?

– Ең бірінші диагноз дұрыс қою қажет. Оның себебі көпшілік қазір бір орында отырып жұмыс істейді. Қозғалыссыз өмірден бөлек артық салмақтың болуы омыртқа грыжасына әкеледі. Соңғы жылдары балалар да таңнан кешке дейін компьютердің алдында отырады. Көпшілік спортпен айналыспайды, бассейнге бармайды, тек екі қолмен ғана жұмыс істейді. Қозғалыстың аздығы адамды ауру қылады. Омыртқаның сау болуы қан айналым жүйесіне тікелей әсер етеді. Сондықтан адамның дені сау болуы үшін, омыртқаны үнемі жаттықтыру қажет. 16 жасқа дейінгі балаларда омыртқа грыжасы кездеспейді. 18-20 жастаң асқанда ғана

ота жасалады. Қатты салмақ түскенде немесе оқыс қозғалғанда, ауыр зат көтергенде соның әсерінен грыжа бірден шығады. Егер науқасқа ота жасау қажеттігін айтып, алайда ол уақыт өткізіп аласа, сал болып қалуға әкеледі. Науқас аяғын сезбейді. Аяғын лақтырып жүретін болады. Ота уақытынан кеш жасалса да аяқтың жүруі қалыпқа келмейді. Әр отаның қаупі, асқынуы болады. Кейбір адамдар бірден ота жасатуға қорқып, қазақы ем жағалап жүреді. Мұның соңы аяқтың жанысздануына әкеледі. 1996 жылдан бастап ота жасау басталды. Алайда ол кездегімен қазіргі кезеңді салыстыруға болмайды. Қазіргі уақытта медицина дамыған. Бүгінде 2 см-ге дейінгі диск жарығына отаны микроскоппен жасаймыз. Жұлынды 12,5 есе көбейтіп көзбен көріп тұрамыз. Сондықтан уақыт жоғалтпай ота арқылы диск жарығын алып тастауды ұсынар едім.

– Мануалды терапия дегенге қалай қарайсыз? Бұл дерттен осы ем арқылы жазылуға мүмкіндік бар ма?

– Мануалды терапия жаттығу арқылы емдейді. Қазіргі уақытта осы тәсілмен емдейтіндер көбейген. Себебі көп науқас ота жасатқысы келмейді. Сосын осындай ем түрлерін жағалап кетеді. Мән беретін жайт, түрлі курстарға қатысып, бейнежазбаны көріп бұл тәсілді бизнеске айналдырғандар да бар. Мануалды терапияны жасайтын адам анатомияны білуі қажет. Себебі белін созып жаттығу жасайды. Ол басқа асқынуларға алып келеді. Бұл грыжаны одан сайын үлкейтіп жібереді. Қазір медицина қарқынды дамыған уақытта отадан қорықпау қажет. Науқастың сүйегін, бұлшықетін бұзбай ота жасауға тырысамыз. Біздің мақсат – айналасындағы тіндерге тимей диск жарығын алып тастау. Омыртқа грыжасының бастапқы кезеңінде және протрузия болған кезде бұл тәсілмен емдеуге мүмкіндік бар.

– Үйде немесе күнделікті өмірде неге назар аудару керек?

– Грыжа 90 пайыз белде болады. Мойын немесе кеуде тұсындағы диск жарығының болуы сирек кездеседі. Біз омыртқа грыжасына байланысты жылына 600-дей ота жасаймыз. Оның ішінде 450-дей ота микроскоппен жасалды. Ал 4 см-ге жақындаса отаны ашып жасаймыз. Ота жасатқандардың ішінде 40-60 жастағылар бар. Мәселен, жақында ғана бір ай ішінде ауырған науқас жүре алмай келіп ота жасатты. Сондықтан бұл ауруға селкос қарауға болмайды. Аяқтың ұюы, ауырсынуы байқалса симптомдарын салыстыру қажет. Белгілері сәйкес келсе, уақыт жоғалтпай білікті маманға көрінген жөн. Себебі мұндай диагнозды дәл қою да маңызды рөл атқарады. Ота жасау қажет болғанда қазақы ем іздеп уақыт жоғалтудың қажеті жоқ. Кешігіп, грыжаны үлкейтіп келетіндер көп.

– Омыртқа саулығын сақтауға нақты не көмектеседі?

– Күнделікті қозғалысты арттыру, спортпен шұғылдану, жүзу, дұрыс отыру, артық салмақтан арылу. Омыртқа – адам денесінің тірегі. Сондықтан оның саулығына бейжай қарауға болмайды.

– Кенесіңіз жұмыс істейтін адамдарға қандай нақты кеңес бересіз?

– Ұзақ отырмау қажет. Әр 30-40 минут сайын орнынан тұрып, қозғалу қажет. Орындық пен үстел биіктігі дұрыс болуы маңызды. Компьютер алдында дұрыс қалыпта отыруды ұмытпау керек.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Айтолқын АЙТЖАНОВА


Онкологиялық ауруға шалдыққандар саны бойынша еліміз 185 елдің ішінде 61-орынға шыққан. Бұл елімізде қатерлі ісікке шалдыққандар саны артақанын көрсетеді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, соңғы бір жыл ішінде елімізде онкологиялық дертке шалдыққандар саны 6 пайызға дейін өскен. Жалпы республикада жыл сайын мұндай дерттің 40 мың жана жағдайы тіркеліп, жыл сайын 12 мыңнан астам қазақстандық қатерлі ісіктен көз жұмады. 2024 жылдың соңында 230 мыңнан астам онкологиялық науқас динамикалық бақылауда болған. Бұл

Аталған министрлік осы бағытта денсаулық сақтау министрлігімен және дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Еуразиялық экономикалық одақтың талаптары да ескеріліп отыр.

Министрдің айтуынша, биыл препарат Қазақстан аумағында тіркеледі деп жоспарлануда. Ал халықаралық тіркеу бөлек кезең ретінде қарастырылады екен.

– Биыл оны ұлттық деңгейге тіркеп, ресми дәрілік препарат ретінде айналымға енгізуді жоспарлап отырмыз. Тіркеу процесі аяқталған бойда кли-

ҮМІТ СӘУЛЕСІ: ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІ СЫНАҚТАН ӨТКІЗІЛУДЕ



2023 жылмен салыстырғанда 5,9%-ға көп. Сонымен қатар соңғы жылдары елімізде он-кология саласы тұрақты түрде дамып келе жатқанын атап өткен жөн.

Деректерге сүйенсек, қазіргі кезде қатерлі ісік дерті Қазақстанда медициналық қана емес, әлеуметтік-экономикалық мәселеге айналып отыр.

Бүгінде ғылым-білім, медицинаның бір орында тұрап қалмай, жылдан-жылға дамып келе жатқанын хабарлар болып отырмыз. Қазақстан қатерлі ісікке қарсы дәрі шығаруда алғашқы қадам жасауда. Мәселен, биыл елімізде қатерлі ісікке қарсы алғашқы дәрі жыл соңына дейін тіркеледі. Жақында үкімет үйінде айтылған бұл жаңалық науқастарға үміт отын сыйлағандай болады. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде онкологиялық ауруларға қарсы DVC препараты жыл соңына дейін тіркеуге ұсынылатынын айтты.

Ғылым және жоғары білім министрінің сөзіне сүйенсек, қазір препарат Астана мен өңірлерде қосымша клиникалық сынақтан өтуде.

– Препаратты Назарбаев университеті базасындағы Ұлттық зертхана әзірлеп жатыр. Былтыр бұл препарат адамдарға жүргізілген клиникалық сынақтардың бірқатар кезеңінен өткен. Қазір зерттеу жаңа клиникалық база аясында жалғасып жатыр. Біз клиникалық базаны ауыстырдық. Енді сынақтарды Астанадағы онкологиялық орталық базасында аяқтап жатырмыз. Сонымен қатар Қарағандыдағы бірнеше өңірлік онкологиялық орталықтар да қосылды. Тіркеудің кешігуі қосымша талаптарға байланысты. Ұлттық зертхана талаптарын орындадық. Бірақ енді тіркеу үшін халықаралық регламенттерді де орындау қажет. Ол өте қатаң. Сондықтан қосымша клиникалық сынақтар жүргізуге тура келді, – деді Саясат Нұрбек.

никалар оны пайдалануға мүмкіндік алады, – деді министр.

Препаратты әзірлеуші NU профессоры Дос Сарбасов 2026 жылы клиникалық сынақтардың жаңа, шешуші кезеңіне көшетінін айтты. Бұл кезең өте агрессивті және қатерлі салналы KRAS-мутациялы ісіктермен күресте препараттың тиімділігін дәлелдеуі керек. Бұған дейін дәріні пациенттер физикалық тұрғыдан әлсіреген кезде, яғни стандартты химиялық терапияның бірнеше кезеңінен кейін қолданып келген. Енді жаңа тәсіл арқылы препараттың ісіктер мен метастаздарға тікелей әсерін, сондай-ақ препаратты адам ағзасының қаншалықты көтере алатынын анықтауға болады.

Деректерге сүйенсек, ұлттық ғылыми онкология орталығында әлемдегі жалғыз технология – жасанды интеллект пайдаланылатын сәулелік терапия қолданылады екен. Жаңа әдістеме емдеудің дәлдігін едәуір жақсартып, жанама әсер қаупін азайтады.

Әлемді алаңдатқан қатерлі дертті ерте кезеңде анықтау мақсатында елімізде де үлкен жұмыс атқарылууда. Қазақстан аумағындағы онкологиялық бағдарлама ҚР Үкіметі бекіткен «Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар» шеңберінде жүргізіледі. Аталған жоспарға сәйкес, Қазақстан азаматтары тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бойынша сүт бездері, жатыр мойны мен тоқішек қатерлі ісігіне тегін тексерулер өте алады. Бұл қауіпті дертті ерте анықтауда маңызды рөл атқаратыны белгілі.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

МАМАН КЕҢЕСІ

КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ БЕЗГЕГІ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Конго-Қырым қанды безгегі (ККҚБ) – вирус арқылы тарайтын қауіпті ауру.

Бұл аурудың қоздырғышы – тау сілемдерінде кездесетін кенелер арқылы адамдарға жұғады. Ауру көбіне ауылдық аймақтарда, фермерлер мен мал бағып жүрген адамдарда жиі кездеседі, бірақ қалада да қауіп жоқ деп айтуға болмайды.



Аурудың белгілері:

Конго-Қырым қанды безгегі кенеден немесе жұқтырған жануардан (қой, сиыр, ешкі) өткен кезде пайда болады. Аурудың белгілері бірнеше күннен кейін басталады:

- Қатты дене қызуы, 38-40°C дейін көтерілуі
- Бас ауруы, бұлшықет ауыруы
- Қол мен аяққа әлсіздік, шаршау
- Іштің ауыруы, жүрек айну, құсу
- Кейбір жағдайда теріде қышыма мен қан кету белгілері пайда болуы мүмкін.

ККҚБ өте қауіпті: ауру жеңіл өтуі мүмкін, бірақ кейде ауыр асқынуларға әкеліп, қан кету мен ағзаның қызметінің бұзылуына себеп болады. Сондықтан науқастанған адамды дәрігерге шұғыл жеткізу өте маңызды.

Алдын алу шаралары:

1. Кенеден қорғану: далада жұмыс істегенде ұзын жең киім киіп, репеллент қолдану.
2. Жануармен байланыс кезінде сақ болу: мал сою немесе өңдеу кезінде қолдану пен қорғаныш құралдарын пайдалану.
3. Тазалық сақтау.
4. Дезинфекция: мал қораны тазарту, кенелерді уақытылы жою.

Конго қырым қанды безгегі – қауіпті және тез тарайтын ауру. Бірақ алдын алу шараларын сақтап, белгілерін уақытында анықтаса, қауіпті азайтуға болады. Денсаулыққа сақ болайық, қауіптен хабарлар болайық!

Нұрғали МОЛДАБЕКОВ,
№3 емхананың аға фельдшері

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА

Ұрпақ тәрбиесіне жігіт мән берген қазақтың әрбір салт-дәстүрінің берер өнегесі мол. Жас буынды сөзбен емес, іспен тәрбиелеген дана халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрі – тәрбие мектебі. Мұқтажға қайырым жасау, әлсізге көмек беру, табиғатты аялау, бар ізгілікті ұрпақ бойына сіңірген ұлттық салт-дәстүрді қаншалықты сақтап жүрміз? Біз неңі жоғалттық? Орайы келгенде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Тарих және археология БББ аға оқытушысы Жайна Сыдықовамен сұхбаттасудың сәті түсті.



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

– Қазақтың салт-дәстүрлері, мәдениеті туралы айтақ. Ең алдымен, Наурыз мерекесінен бастайықшы. Жыл өткен сайын Наурыз мерекесін тойлау түрлене берері сөзсіз. Дегенмен Ұлыстың ұлы күнінің негізгі мәні сақталып жүр ме?

– Наурыз мерекесін Ұлыстың ұлы күні деп өте ауқымды атап өтіп жүрміз. Наурыз мерекесінің 5 мың жылдан астам тарихы бар. Бұл мереке күн мен түннің теңелген күні. Біз Наурыз мерекесін неге бір ай бойы тойлаймыз деген сұраққа тоқталайық. Көшпенді қазақтың барлық тұрмыс-тіршілігі аспан денелеріне байланысты болған. Біз мұны ай күнтізбесі дейміз. Яғни айдың жерді айнауына байланысты. Кейін күн күнтізбесі шықты. Қазір география күнтізбесі бойынша жүрміз. Ай күнтізбесі бойынша есептеп, география күнтізбесімен салыстырғанда 14 күн жоғалып кетеді екен. Сондықтан 1 наурыз, қазірге 14 наурызды «Көрісу күні» деп атайтынмыздың себебі осы. Яғни ескі жылды аяқтап, жаңа жылға қадам бастық деген үлкен үмітпен бұл мерекені бір емес, бірнеше күн, тіпті бір ай атап өтететін болған. «Амал» мерекесінің мағынасы айдың жерді толық айналып, бір жылдың аяқталғанын білдіреді. Бұрын Наурыз қалай тойлануы еді дегенге келетін болсақ, бұрын рухани мәні жоғары болды десек қателеспейміз. Наурызды жақсылықтың жаршысы, жаңа күннің бастауы ретінде қарсы алып, бар жақсысын киіп, айналасын тазалап, ескіден арылып, рухани тазару мерекесі ретінде қабылдаған. Қазір Наурыз мерекесінде ғана ұлттық киім киіп, киіз үй тігіп, ұлттық ойындар ойнап, мереке символикалық дәрежеде болса, бұрын бұл мейрамды рухани құндылық ретінде қабылдаған.

– Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама» деген екен. Сондай-ақ наурызнаманың калдыр-қуы ас-тойдан жоғары екенін де атап айтқан. Кейінгі жылдары елде Наурызнама онқияуын атап өту жақсы дәстүрге айналды. Наурыз мерекесінің қадірін әлде де кейінгі ұрпаққа ұғындыру үшін не қажет деп ойлайсыз?

– Кейінгі жылдары «Наурызнама» бағдарламамен 14 күн бойы тойлап жүрміз. Бұл өте жақсы. Ұлттық құндылықтарды насихаттаған Наурызнаманың жас буынға берері көп. Әлі де Наурыз мерекесінің қасиетін сіндіре берсек, бұл мейрамның рухани құндылығы өте жоғары екенін сезінеміз. Бір айта кетерлігі, ұлттық киім, ұлттық құндылық насихаты Наурыз мерекесімен аяқталып қалмас үшін көп насихат қажет. Мектеп формаларында ұлттық нақыш болса, оқушылар бантипен бірге шашуақ тасқа, бұл, әрине, жас буын үшін әсері болар еді. Наурыз айында әрбір адам тал отырғызып, оның көктем-көгеруіне үлес қосса, оны жасамаса болмайтындай насихат болса деймін.

– «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, кейбір салт-дәстүрлер ұмыт қалса, кейбірі ұяқат көшіне ілесіп, жанғыруда. Ел ішінде ұмыт болған салт-дәстүрлер туралы айтыңызшы...

– Қазақтың ұмыт қалған салт-дәстүрлері бар. Бұған отаршылдық, кенестік кезеңнің, одан қалды жаһандандудың да ықпалы бар. Қазақтың салт-дәстүрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты болған. Қазіргі таңда кейбір салт-дәстүрдің өзектілігі жойылған. Ұмыт қалған дәстүрлердің қатарында «Ұйқы-ашар», «Селт еткізер», «Бел көтерер», «Ат тұлдау» деген сияқты дәстүрлер бар. Қыз бен жігіттің арасындағы қарым-қатынасты өте назік етіп көрсетіп, оғаш қылық көрсетпейтін дәстүрлер болған. Мәселен, «Ұйқыашар» деген дәстүр – қыздардың жігіттерге тағам дайындап, ықыласын білдіруі. Мәні – ұйқыдан ояту, символдық түрде жаңа өмірге ояту деген сөз. Ал «Селт еткізердің» мәні – сұлулық пен тазалық, жігіттердің қыздарға сыйлық беру арқылы қыздың көңілін аудару. Қыз бен жігіттің арасындағы назік сезімді тәрбие шеңберінде білдіру. Сондай-ақ «Таңды қарсы алу» деген дәстүр болған. Яғни ескіше 1

наурызда, қазіргіше 14 наурыз күні шыққан күн жаңа жылдың алғашқы күні. Сол күні ерте тұрып, күнді қарсы алып, тілек тілеген. Сыр өңірінен шыққан фольклортанушы, белгілі ғалым Берік Жүсіп өзінің мақаласында тышқанның жыл басы болуының себебін үлкендерден естіген әңгімесінен ой түйіп, былайша тарқатады: «Қыс бойы ішінде тығылып жатқан жәндіктердің ішінде жыл келгенде бірінші болып жер бетіне шығатын суыр тышқандар екен. Сол күні суыр тышқандар інін аузында тұрып таңды қарсы алады екен де, бір-бірін құшақтайды екен». Ғалым мұны өңірдегі асқалдардың әңгімесінен жазып алған. Жаңа жыл келгенде жәндіктер арасында бірінші болып інінен тышқандар шықса, өсімдіктер бірінші болып жер бетіне қалытып шығатын бөйшешек екен. Сондықтан жыл басы тышқан болса, жаңа жылдың келгенін білдіретін өсімдік – бөйшешек, құстардан – наурызек. Салт-дәстүрлердің ішінде жыл өткен сайын мәні өзгергендері де бар. Мәселен, «Бәсіре», «Ашамайға мінгізу» дәстүрі. Бәсіре – бала дүниеге келгенде оған мал ату. Қазір бала дүниеге келген соң нағашысының үйіне барғанда мал атап жатады. «Ашамайға мінгізу» – баланы атқа мінгізу. Қазір сүндет тойда баланы тайға мінгізуді символикалық түрде жасап жүрміз. Мұны сүндет тойдың бір бөлігі ретінде қабылдап жүрміз. Ал шын мәнінде ашамайға мінгізуді көшпенді халық ер баланың тәрбиесі үшін маңызды саналған. Баланың ер жеткенін білдіріп, жауапкершілік артып, атқа отырғызған. Қазір бұл дәстүрдің мән-мағынасы өзгерді. Ұмытылып бара жатқан дәстүрдің бірі – «Ерулік беру», «Асар» дәстүрі. Бұрын ауылға жаңадан отбасы көшіп келсе, ерулік берген, яғни үйге шақырып, тамақ беріп, танысқан. Бұл дәстүр ауылда ішінара бар, қалада тіпті ұмыт болды. Сондай-ақ «Асар» дәстүрі де ұмыт болып барады. Ағайын-туыс болып үй салған кезде немесе басқа да көптен бітетін тірлікке жұмыла көмектесу дәстүрі де қалып барады. Қазір бәрі ақылы.

– Уақытпен бірге жанарды демекші, қазақтың «Құрсақ той» дәстүрі ұмыт қалғаны белгілі. Қазір жастар жағы «гендер-пати» ұйымдастырып, оны «Құрсақ той» деп жүргені де бар. Осы орайда, «Құрсақ тойдың» мәнін айта кеткен жөн болар...

– Қазақ қоғамында әйелдің жүкті екені белгілі болған кезде енесі, абысын-ажын, көрші-қолан дастархан жасап, бар тәтті дәмдісін әкелген. Мұның мәні – жүкті әйелге қамқор болу. Оның қорқып кетпеуіне, ауыр жұмыс істемеуіне ел болып атсалысқан. Құрсақ тойдың бір мағынасы – жаңа түскен келіннің аяғы ауыр болған кезде аналардың ортасына қосу, олардан кеңес алуға мүмкіндік жасау. Ал қазір «Гендер пати» тойланып жүр. Бұл аты айтып тұрғандай, құрсақтағы сәбидің жынысын анықтау. Негізі қазақ үшін баланың жынысы маңызды болмаған. «Гендер пати» батыстан келген үрліс. Бұның «Құрсақ тойға» еш қатысы жоқ.

– Наурызбен бірге Қыдыр ата қоса айтылатыны белгілі. Қыдыр ата аңыз ба, ақиқат па?

– Халық ұғымындағы Қыдыр ата – мифологиялық тұлға. Көшпенді қоғамда аспанның, жердің, кең даланың өз иесі бар деген түсініктен туған. Көшпенді халықтың санасына Қыдыр ата береке әкелуші, жол көрсетуші, жәрдем беруші ретінде санаға сіңген. Ата деп атауының өзінде дана қария ретінде қабылданған. Наурыз келгенде үй-үйді Қыдыр ата аралайды деген түсініктен үйін тазартып, дастарханға барып қойып, жақсы тілек тілеген.

– Ұлттық киім туралы айтақ. Ұлттық киім киюдің де өз тәртібі бар. Мәселен, қос етек бүрмелі қойлек кімге арнап тігілген? Оның қандай мәні бар? Жалпы ұлттық киімнің, оның мәніне тоқталсаңыз...

– Қазақтың ұлттық киімінің өзінде үлкен мән бар. Мәселен, қос етек, бүрмелі қойлекті жас келін киген. Оның қойлегінен-ақ басы бос емес екенін, келіншек екенін білген.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Гүлбibi МҰРАТ

МЕЙІРІМСІЗ БАЛА немесе ата-ана неге қамқорлыққа зәру?

Жағалауда жаны жабырқап жалғыздықпен қауышып, жастық дәурені бастан өткен кеудесі алтын сандық қарттарға біздің бірауыз жылы сөзіміз бен ыстық ітпінатымыздан артық сый-сияпат болмайды. Олар жастардан аялы алақан мен қамқорлықты күтеді. Ал біз олар артықтау сөйлеп, дұрыс емес жерімізді бетімізге айтып, ақылын айтса, шыныдай шытынап шамданып қаламыз. Не дегенмен тағдырдың небір теперішінің тәзінен өткен, өмір жолының ашы сабағын алып, қиын-қыстау заманның өткелегін артқа тастап, өзінен кеткен кейбір қателікті кейінгі буын көрмесек деп ақыл-кеңес бермек болса, оған намыстанып қаламыз.

Ата-ананы қадірлемей, іргесін аулақ салу да қазір белең алып барады. Құдыреті күшті Алланың бұйрығымен жарық дүниеге әкеліп, баласына бүкіл өмірінің сәуелі сәттерін арнаған әке-шешені құрметтемеу адами жағынан да, шариғаттың үкіміне жүгінген де кешірілмейтін күнә. Қазір қарттар үйінің босағасында тәлімірген қазақтың қазыналық қарттарын көргенде жан-жүрегің езіліп кете жаздайды. Көзі мөлтіндеп, кейбіреулерімен сөйлескен жас жүзген жанарын дiрiлдеген саусағымен көлегейлеген болады. Кезінде сол аялы алақанында мөпелеген перзенттері қымбат жандарының күші қайтқан соң одан теріс айналғаны жанына аяздай батады, әрине. Ашы оқиқ алқымына тығылған осындай бір қариямен тілдесудің сәті түсті. Әлгі кісінің көкірегі кернеген шерден күрсінгені соншалық, денем түршігіп, әп-сәтте бір әбігер күйге түсті. Бұл шарасыз әкенің жанайқайы еді.

– Тағдырдың тәлкегіне іліну әп-сәтте екен ғой. Мектепті жақсы оқып, жоғары оқу орнына түстім. Жолдасыммен өзiм қалаған есепшілік жұмысқа орналастым. Тұрмысымыз өте бақуатты еді. Әйеліме жұмыс істетпедім. Бала тәрбиелеп, үй жұмысымен айналысты. Жалғыз ұлым бар еді. Мөпелеп өсіріп, оқуға түсіріп, жұмысқа да орналастырдым. Ұлым көп ұзамай шаңырақ көтерді. Бірақ келімен екеуінің арасында күнде жанжал бола берді. Өмірге қос немерем келді. Сөйтіп, жылдар өте берді. Әйелім науқастанып, көп ұзамай өмірден өтіп, сопа басым сопылып жалғыз қалдым. Міне, қайғының керемет дәмін кемпірімен айырғандан бастап ата басталды. Шайпау келін ұлымды маған қарсы қойды. Немерелерді маңыма жуытпағаны жаныма батты. Мына қорлықты көргенше үкіметтің қамқорлығына барайын, өзiм сияқты шерменде кісілермен шерімді тарқатайын деп ұйғардым. «Орта жолда әйелің өлмесің» деп жатады ғой. Міне, мендегі ашы шындық осы. Ең болмаса немерелерімді көріп, бір иіскесе мауқым басалар еді. Мен үшін жұбайыммен керемет күндерді бірге өткізген шаңырағымның оты өшпесе де, өзiмнің құт мекенім болған үй бөтен, әрі суық. Ата-анадан тірісінде безіп, батасын алмаған баладан не қайыр? Е, балам, қайсыбірін айтайын. Бәрінен бұрын олар о дүниелік болып кеткен аналарыма құран оқытып, жеті шөлпек пісіріп таратып жүр ме екен? Ей, қайдам! – деп, негі кемсендеген қария теріс айналып, көз жасын қол орамалына сүрттіп жатты. Одан әрі әңгімелесудің де, жұбатудың да ретін таппаған мен де көз жасымды тоқтата алмадым.

Кейін сондай өкінішті тағдыр қамыты сенің мойнында да түспейтіндікі кім кепіл! Алақанға салып, табынын жерге тигізбей өсірген перзентің ер жеткен соң теріс айналаса ше? «Атана не істесең, алдына сол келеді» дейді қазақ. Бұл ата-бабаның тәжірибесінің ашы шындығынан шыққан тұжырымды пәлсапа. Қоғамға да, қазақи болмысымызға да жат қасиетке біз неге бой алдырдық? Бүгінде жастарға бұл үйреншікті жағдайға айналғаны соншалық, оған қалыпты құбылыс деп қабылдай бастады. «Әке-шешен жынды болса, байлап бақ» деген бабалар сөзі бұрын кесімді бұйрықтай естіліп, оған ден қойтынбыз. Ата-анасын қарттар үйіне өткізетіндер бірен-саран болатын. Оған жұрт күре қарапайтын еді. Бүгінде безбүйрек баланы тезге салып тәрбиелейтін, ақыл айтып жүгендейтін отбасылық мектеп, әулеттік әлеует әлсіреп қалды ма, қарттардың перзенті алдындағы қадірі қаша бастады.

Әлгі қариямен кездескендегі көрініс көз алдыма қолбеп тұрып алды. Орнынан әзер көтерілген қарттың жас тұнған жанарында келер күнге деген үміт сәулесінің өшкені сезілді. Қазақтың сөз қоржыны бай болғанымен, әлгі кісіге жұбаныш сыйлайтын бірауыз сөз таппағанымаша іштей егіле бердім. Жаймануақ күнде жан сарайы жараланған шарасыз қарттардың талайы арамызда жабырқап жүргені өзекті ортейді, әрине. Көкірек көзі соқыр адамдарға не дерсіз? Кең бала бұйырған қазақтың бәзбіріне мейірімділік пен дарқандық жетіспейтін қиын да. Өте өкінішті.

Өмірдің ең үлкен сауабы әкенің жүрегінде, анаың тілегінде екенін біле бермейміз. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғыстың ауыры. Алғыс емес, қарғыс аркалап жүрмейік. Шындық ашы. Қасіреттің уы таралмай тұрғанда асыл қазыналарымыздың тағдырына абай болмайық.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ



«Ел іші – өнер кеніш» деп тегін айтылмаған. Қызылжармалық Қожабековтер отбасылық ансамблі тек аймаққа ғана емес, республикаға танылып үлгерді. Ұлттық өнерді насихаттауды мұрат тұтқан өнерпаздар 2012 жылы Қызылжарма ауылдық клубы жанынан құрылды. Бүгінде ансамбль құрамында 10 өнерпаз бар. Әрдайым ізденіс пен шығармашылық өрлеу үстінде жүретін ансамбль мүшелері қазақтың ұлттық киімі мен салт-дәстүрін де үздіксіз насихаттап келеді.

ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ

– Біздің мақсатымыз қаймағы бұзылмаған қазақи болмысымызды паш ету. Оның үстіне Сыр елі ұлттық құндылықты танытуда республика көлемінде көш бастап тұр. Қазақтың барлық мерекесінде өнер көрсетіп, дәстүрлі өнерді де балаларымыздың бойына дарыттық. Өнерлі отбасында дүниеге келген соң күй шерткізіп, өлең айтқызып, домбыра тартқызып өнерге баулыдық. Өнерді бойына серік еткен баланың жаны назіктік пен мейірімге толы болып, эстетикалық сұлулықты сезіне біледі. Репертуарымызда жергілікті композиторлар Ш.Сүлейменовтің «Сыр елім», С.Ұлықпаұлының «Ақ көгершін», Р.Таймановтың «Қызылорда», Р.Әлқожаның «Сырдария», Ш.Қалдаяқовтың әндерін папури, халық әндері «Сәулем-ай», «Ақ жайнақ» «Той бастар» әндері бар. Жыл көлемінде ансамбль ұжымы арнайы бағдарламамен төрт концерт өткізді. «Отбасым – өнерім, өмірім» атты шығармашылық концерт С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде, Қызылжарма мәдениет үйінде өткізіп, өлді құрметіне бөленді. «Жан жылуы» атты қайырымдылық концертін өткізді. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының бірінші қалалық кезеңіне қатысып, «Өнерлі отбасы» номинациясына ие болдық, – дейді ансамбль жетекшісі Рүстембек Қожабеков.



Ансамбль мүшелері қалада өтіп жатқан бүкіл іс-шарада белсенділік танытып келеді. Мәселен, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Қызылжарма мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Ауыл кеңі көңілді» атты елді мекендер арасындағы «Алтыбақан» ойын-сауық байқауында ансамбль мүшесі А.Бекмырзаев өнер көрсетіп, алғысқа бөленді. «Мереке» балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен «Менің Қазақстаным» атты республикалық Ш.Қалдаяқовтың әндерін орындаудан «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Әнел Айтжанбек бас жүлде, «Тәуелсіздікке тарту» атты республикалық өнер байқауында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Шахназар Айтжанбек бас жүлде иемденді. «Өнер әлемі» продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен «Өз жұлдызыңды жақ» атты ІІ республикалық білім және өнер байқауында «Тәуелсіздік биік болсын тұғыры» атты ІІ республикалық білім және өнер байқауында Қожабековтер халықтық отбасылық ансамблінің жанынан құрылған «Керемет» би тобы бас жүлде иемденді.

Қожабековтер халықтық отбасылық ансамблі «Отбасым – өнерім, өмірім» есепті концертін өткізді. «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты облыстық байқауда Әнел Айтжанбек, Алматы Бағдаулет ІІІ орын иемденді. Республикалық «Жарқын болашақ» ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ҮІІІ республикалық «Жарық жұлдыз» атты балалар өнер байқауында «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша Әнел Рүстембекқызы І орын иемденіп, Ташкент қаласында өтетін финалдық концертке жолдам ала, Астана қаласында өткен «Өнегелі отбасы» байқауына қатысып І орын алды. Астана қаласында өткен «Жыл үздігі – 2024» байқауына қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ансамблдің өнерпаздары сурет салудан да құралақан емес. «Көркемсурет» жанры бойынша Әдемі Айтжанбек ІІ орын, «Көркемсурет» жанры бойынша Нұрикалмал Айтжанбек ІІІ орын, «Дәстүрлі ән» жанры бойынша Әнел Айтжанбек ІІ орын иемденді. «JAS JULDYZ» продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен халықаралық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауында «Аспапта ойнау» жанры бойынша Әнел Айтжанбек бас жүлде алып, жеңімпаз атанды. Астана қаласында «Мәдениет қызметкерлерінің форумы -2025» аясында өткен «Театр өнері және концерттік қызмет» атты іс-шарада отбасылық ансамбль жетекшісі Рүстембек Қожабековке сертификат табысталды.

Сан өнерді бойына тұмарлаған Қожабековтер ансамблі болашақта репертуарларын қазақ композиторларының күйлерімен толықтыруды жоспарлап отыр.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік іесі:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына ауырдың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3858 Тапсырыс №559

Немірдің кезекші редакторы Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА